

Департаменттегі практика

Оралбай Жанболат



Мен, Оралбай Жанболат, 21.01.2013 мен 10. 03. 2013 аралғында Шымкент қаласындағы Туризм және Спорт Департаментінде практика өттім.

1. Туризм және Спорт Департаменті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, осы Ережеге, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы 2001 ж. 13 маусымдағы № 211-ІІ қаулысына сәйкес іске асырады.

2. құрылтайшысы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті, ұйымның уәкілетті органы – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі болып табылады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің құқықтық-ұйымдастырушылық нысанындағы заңды тұлғасы болып табылады, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған жедел басқару, жалға алу және өзге де негіздер құқығында өзіне тиесілі жеке мүлікке иелік етеді, жеке балансы, мемлекеттік тілдегі аталуы көрсетілген мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамада белгіленген тәртіпте аумақтық қазынашылық органдарда ашылған шоттары болады.

Департаменттің заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қаласы, Қажымұқан атындағы стадионы, байланыс сымтетігі +7 7252 22 23 80.



Басқарманың негізгі міндеттері

1. Шымкент қаласының аумағында туризм, дене шынықтыру және спорт саласында тұлғалардың жан-жақты үйлесімді дамуын үйлестіруді және мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

2. Туристік қызмет көрсету сапасын жақсарту және оның инфрақұрылымын нығайту арқылы туризмнің бәсекеге қабілетті индустриясын дамытуға жағдайлар жасау.

3. Облыс аумағында туризмді дамытуды қамтамасыз ету, жастарды еңбекке, республиканы қорғауға дайындау, денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру және азаматтардың белсенді демалуын ұйымдастыруды қамтамасыз ету.

4. Облыс аумағында спорт және дене тәрбиесінің материалдық-техникалық базаларын дамыту және нығайту үшін жағдай жасау, инфрақұрылымға сәйкес дамыту.

5. Облыстағы туристік және спорттық ұйымдар үшін мамандандырылған кәсіпқой кадрларды дайындау және қайта дайындау, сондай-ақ олардың іскерлік біліктілігін жоғарылату жүйесін ұйымдастыру.

Туризм және спорт саласындағы Шымкент қаласы әкімі аппаратының әлеуметтік-экономикалық міндеттерін жобалау және жүзеге асыру, сыртқы экономикалық қызметтің жобаларын әзірлеу жұмыстарына қатысу.

Халықаралық, аймақаралық, ішкі туристік және спорттық байланыстарды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес туризм және спорт саласында лицензияның немесе оның орнын ауыстыратын құжаттардың берілуін тәртіпке келтіруді үйлестіру, бақылау.

Туристік қызмет, спорт саласындағы алдыңғы отандық және шетелдік іс-тәжірбиені, салауатты өмір салты принциптерін зерделеу, талдау және енгізу.

Туристік қызмет және спорт жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеуге ұсыныстар енгізу болып табылады.

Тапсырма № 2

Департамент қызметінің анализі

Міне, енді 5 жылдан кейін тәуелсіз Қазақстан EXPO-2017

халықаралық көрмесін өткізетін жаһандық орталыққа айналады. Иә, тура 5 жылдан кейін, кезінде Парижге – Эйфель мұнарасын, Лондонға – Хрусталь сарайын сыйлаған, ал Венаға әлемдегі ең үлкен мұнарасы бар павильон тұрғызған дүние жүзілік көрме Астанада өтетін болады. 2017 жылы егемен еліміздің елордасында өтетін бұл өркениет көрмесі шындығында да ғажап құбылыс!

Біз еліміздің мүмкіндігін әлемге көрсету үшін оның әлеуетін пайдалана алдық. Дәл сол себептен де халықаралық қауымдастық Қазақстанды ЭКСПО-2017 Халықаралық көрмесін өткізу орны ретінде таңдады. Егер Астана болмаса, бұл да болмас еді. Мұндай құрмет кез келгеннің еншісіне тие бермейді. Біздің еліміз кеңестен кейінгі кезеңдегі күллі кеңістікте ЕҚЫҰ-ға төрағалық еткен, осы Ұйымның Саммитін өткізген және ғаламдық ауқымдағы іс-шара - ЭКСПО-2017-ні өзінде өткізетін бірінші ел екенін айтсақ та жеткілікті.

EXPO-2017 үш ай бойы өтетін болады. Осы мерзім ішінде бас қаламызға дүние жүзінің жүзден астам мемлекетінен 5 миллионға жуық адамдар келеді екен. EXPO-2017 өтетін аумақ қазірдің өзінде белгіленіп қойылды. Ол қаламыздың оңтүстік-шығыс шетіндегі гольф-клубы аймағындағы Шәмші Қалдаяқов көшесі мен К-1 сақиналы көлік жолының қиылысында орналасатын болады. Көрмеге бөлінген жер көлемінің жалпы аумағы 113 гектар болса, оның 25 гектары көрме кешені орналасатын негізгі аумақ, ал қалғаны болашақ EXPO-2017 қалашығының инфрақұрылымдық аумақтары болмақ. Іргетасы қаланғанына 15 жылдың жүзі болғанда, әлемдік айтулы шараларды өткізетін орталыққа айналып үлгерген Астана бұл жаһандық шараны да жеріне жеткізе ұйымдастыратындығына сенімім мол.



KAZAKHSTAN

Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы - Шымкент қаласы. Бұл республикадағы ежелгі қалалардың бірі. Оның тарихы 800 жылды қамтиды. Шымкент қаласында шетелдік және қазақстандық туристерді қабылдау үшін қонақүй бизнесі қарқынды түрде дамуда. Қазіргі таңда қонақ үй желілері өз секторларын қосымша қызметпен кеңейтуде. Оларға: физикалық-сауықтыру, медициналық, ақпараттық қызметтер, сонымен қатар мәдени көзтартарлық ойын-сауықтар. Көптеген қонақ үйлерде жоғарғы жайлылық бар және өзінің инфраструктурасымен қамтылған (мейрамханалар, барлар, түнгі клубтар, казинолар).




Облыс орталығында мәдени көңіл көтеруге болатын жерлер көп: облыстық мұражай, театр, зоосаябақ, технопарк, кинотеатрлар, боулинг орталықтары, диско клубтар, казино орталықтары жұмыс істейді. Бұдан басқа облысымыз табиғи ландшафтарға өте бай, таулы және далалы жерлер көп, аң-аулау дәстүріне өте бай және демалыс пен туризм үшін барлық жағдайлар жасалған.



Түркістан

Оңтүстік Қазақстан облысында Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Түркістан қаласы маңызды рөл алады. «Discovery Central Asia» журналы шетел азаматтары арасында сауалнама жүргізген болатын, соған байланысты Қазақстандағы көзтартатын объектілердің ішінде бірінші орынды Түркістан қаласы алды және «2004 жылы Орталық Азиядағы ең жақсы туристік орталық» деген сертификат берілді. Мұнда әлемге әйгілі ұлы ойшыл, философ Қожа Ахмет Яссауи (XIV-XV ғ.ғ) ескерткіші орналасқан. Жыл сайын оның әруағына табынуға мыңдаған адамдар келеді. Қалада туристер үшін орналасу, тамақтану және бос уақытты ұйымдастыруға барлық жағдай жасалған.



Ысқақ баба

Созақ ауданында Ысқақ баба әулие кесенесі орналасқан. Мешіт 19 ғасырдың соңында салынған. Мешіт орта-ғасырлардан қалған Баба-Ата қаласының ескі орнының ішінде орналасқан. Бұл мешіттің салыну мақсатын, осы жерде орта ғасырларда мекендеген әйгілі ислам дінін уағыздаушысыменен байланыстырады.

Отырар ауданында орналасқан XIV ғасырға жататын Арыстанбаб кесенесі Оңтүстік Қазақстандағы ескерткіштердің ішінде өте маңызды орын алады. Мінәжат етуге келген адамдар үшін барлық жағдайлар жасалуда. Мұнда «Арыстанбаб» қонақ үйі салынған, құлшылық етушілер үшін арнайы бөлмелер және сувенирлер сататын магазиндер бар.



Арыстанбаб

Сайрам ауданы. Мұнда «Ибрагим-Ата» және «Қарашаш Ана» кесенелері орналасқан. Оңтүстік Қазақстанда зиярат ету осы ауданнан басталады. Оған қоса ауданда «Манкент» «Ақ-су» демалыс орындары орналасқан және «Волна» қонақ үй желісі құмыс істейді.

Зиярат етушілер және туристердің көп бөлігі Бәйдібек ауданында орналасқан ескерткіштер қызықтырады. Олар: Бәйдібек ата, Домалақ ана, Зерип Сыланды, Аппақ-Ишан мешіті.

Тапсырма № 5

Туризмді дамыту бағдарламалар мен болжамдар

Туристік саланың еңбек ресурстарына 2010 - 2014 жылдарға арналған болжамды қажеттілігі 34 мың адамды құрайды, соның ішінде құрылыс мамандықтары бойынша 13 мыңға жуық адам, туристік сала мамандары 21 мыңға жуық адамды құрайды, ал оқу орындары - 1,2 мың адамды (гидтер, аудармашылар, агенттер, метрдотельдер, швейцарлар, қонақ үй және мейрамхана шаруашылықтарының қызметкерлері) дайындайтын болады.

Кадрлар тапшылығы Еуропа одағы ТЕМПУС бағдарламасы бойынша іске асырылып жатқан жоба түріндегі 4-жоғары қонақ үй мектебін, туристік индустрияға қызмет көрсету бойынша менеджерлер мен мамандықтарды дайындау орталығын (мектебін) және Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында халық қолөнері мен кәсіпшілік мектебін ашу есебінен, сондай-ақ Швейцария халықаралық қонақ үй менеджменті институтымен бірлесе Астана және Алматы қалаларында франчайзинг жүйесі бойынша екі кәсіпорын/колледж ашу есебінен толтырылатын болады.

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаражатының есебінен және шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздерден жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаны 2010 - 2014 жылдары іске асыруға барлығы 4 252 108 966,8 мың теңге: республикалық бюджеттен: 2010 ж. - 757 564,0 мың теңге; 2011 ж. - 2 767 881,0 мың теңге; 2012 ж. - 269 625,0 мың теңге*; 2013 ж. - 269 625,0 мың теңге*; 2014 ж. - 268 825,0 мың теңге*;
жергілікті бюджеттен: 2010 ж. - 8 766,8 мың теңге; 2011 ж. - 361 180,0 мың теңге;
инвестициялар есебінен: 4 247 405 500,0 мың теңге талап етіледі.

Тапсырма № 6

Ұйымдастырушылық басқарма қызметіндегі туристік мекемелермен қарым-қатынасы

Туристік ойын-сауық кешенін салу жылына 220 000-ға дейін демалушыларды қабылдауды қамтамасыз етеді, мұнда мынадай бағыттарда шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады:

- сауықтандыру, ойын-сауық саласында қызмет көрсету, тамақтануды ұйымдастыру, қонақ үй, экскурсия, ақпараттық, көліктік қызмет көрсету, бұл ретте көліктік қызмет көрсету кезінде экологиялық таза көлік, соның ішінде кіші авиация пайдаланылатын болады;
- мәдени-танымдық, экологиялық, іскерлік, спорттық және туризмнің басқа да түрлері саласында қызмет көрсету;
- әр түрлі кәдесый өнімдерін дайындау және шығару жөніндегі өндірісті ұйымдастыру.

Курорттық аймақты құру жобасы 2 кезеңге бөлінген: 1 - 2009 - 2011 жж., 2 - 2012 - 2021 жж.

Бұдан басқа, Алматы облысының Қапшағай су қоймасы жағалауында «Жаңа Іле» халықаралық туристік орталығын және Маңғыстау облысында «Кендірлі» халықаралық курортын, сондай-ақ қонақ үйлер желісін салу көзделіп отыр.

Тау шаңғысы туризмінің инфрақұрылымын жасау: Жамбыл облысында «Көксай» тау шаңғысы базасы; Оңтүстік Қазақстан облысында «Қасқасу» тау шаңғысы базасы;



Шетел туризм мен ТМД аумағындағы қызмет көрсету түрлері

Қазіргі кездегі туризм түрлерін толық жіктеу үшін туризмнің түрін сипаттайтының маңызды белгілерді атап өтуге болады: яғни туризмнің ұлттық мәнділігі; саяхатта пайдаланылатын негізгі қозғалыс құралдары; саяхаттың ұзақтығы; топ құрамы; ұйымдастыру түрлері, туристтік өнім бағасының қалыптасуының негізгі принциптері және т.б.

I. Ұлттық мәнділікке байланысты ұйымдастырылатын туризмнің негізгі түрлері екіге бөлінеді: ұлттық және халықаралық туризм. Халықаралық туризм шет елге шығу және шетелден келу туризмі болып бөлінеді.

II. Туристтік саяхатқа негізделген қажеттілікке байланысты туризм келесі түрлерге бөлінеді:

1. Емдеу (медициналық) туризмі. Туризмнің бұл түрінің негізінде әр түрлі аурулардан емделу қажеттілігі жатыр. Емделу туризмі адам организміне табиғи құралдармен әсер ету арқылы сипатталатын түрлерге бөлінеді, мысалы: климат арқылы емдеу, теңіз арқылы, батпақ арқылы, жеміс-жидек арқылы, сүт арқылы емдеу және т.б. Емдеуде кей-кездерде әсер етудің бірнеше түрі қолданылуы мүмкін, бұл жағдайларда туризмнің түрі демалушының организміне негізгі әсер етуші құрал арқылы анықталады.

2. Рекреациялық туризм. Туризмнің бұл түрінің негізінде адамның күш-қуатын қалпына келтіру қажеттілігі жатыр. Туризмнің бұл түрі үлкен жан-жақтылық арқылы ерекшеленеді. Мысалы: рекреациялық туризм құрамында төмендегі бағдарламалар болуы мүмкін:

а) көріп тамашалау-көңіл көтеру (театр, кино, жәрменке, қала күндері, фестивальдар және т.б.);

ә) қызығушылық іс әрекет (аңға шығу, табиғатты тамашалау, сурет, музыка және т.б.);

б) этникалық және тұрмыстық (ұлттық мәдениет пен дәстүрлі емес тұрмысты зерттеумен байланысты);

д) туристтік-сауықтандыру (қозғалыстың белсенді тәсілдері бар бағыттарды қоса, шомылу, шаңғы, атқа міну және т.б.).

3. Спорттық туризм. Туризмнің бұл түрінің негізінде екі түрлі қажеттілік жатыр, осыған байланысты:

- активті және пассивті түрге бөлінеді. Активті спорт туризміне спорттың белгілі түрімен айналысу қажеттілігі, ал пассивті туризмге-белгілі бір спорт түріне қызығушылық, яғни сайыстар мен спорт ойындарын көру мақсатында саяхатқа шығу жатады.

4.Танымдық туризм. Әр түрлі бағыттарда білімді арттыруға деген қажеттілікті қанағаттандыру құрайды. Туризмнің бұл түріне экологиялық туризмді де жатқызуға болады. Экологиялық туризм бағдарламасы қорғауға алынған табиғи аймақтарға баруды ұсынады.

5.Іскерлік мақсаттағы туризм. Әр түрлі серіктестіктермен іскерлік қатынастарды бекіту немесе қалыптастыру мақсатындағы сапарлар жатады.

6.Конгрессті туризм. Ол түрлі шараларға,оның ішінде конференцияларға, симпозиумдарға, съездерге, конгрестерге және т.б. қатысу мақсатындағы туристік сапарлар қатысуға байланысты ұйымдастырылады.

Конгреске қатысушының шығыны әрине қарапайым туристің шығынына қарағанда жоғары болады, осыған сәйкес оны тиімді ұйымдастыру қажеттілігі туады.

7.Діни туризм. Әр түрлі діндегі адамдардың діни қажеттілігіне негізделген. Ол екіге бөлінеді:
а) діни мерекелерде мешіттерге, шіркеулерге бару;
б) әулие жерлерге бару.

8.Өткенді аңсау мақсатындағы туризм. Тарихи өмір сүру аясында осы орындарға адамдардың бару қажеттілігіне негізделген.

9.Транзитті туризм. Басқа елге бару мақсатында келесі елдің аймағын басып өту қажеттілігі жатыр.

10.Өз бетінше ұымдастырылған туризм. Саяхаттың бұл түрі шаңғы, тау, атқа міну, су туризмімен және т.б. айналысатын активті демалуды біріктіреді. Айрықша ерекшелігі оған қатысушылардың өз бетінше ұйымдастырылуын қажет ететіндігінде. Турлады ұйымдастырумен фирмалар емес, туристтердің өздері туристік-спорт клубтарымен және бірлестіктермен бірге отырып ұйымдастырады.

Шет ел туристеріне қызмет көрсету кәсіпорында тамақтану системасы ВО «Прогресс» жүзеге асады. Негізінде кәсіпорында тамақтану қортынды келісім болып табылады.

Ереже бойынша туристерді тамақтандыру кәсіпорын тұрып жатқан қонақ үйде тамақтандыру. Жоба бойынша қызмет көрсету, қаланың басқада түрлі мейрамханаларында тамақтандыру және ұлттық тағамдарды ұйымдастыру.



Ұлттық туристік жәрмеңкелер. ҚР-ның туристік мекемелерінің халықаралық туристік жәрмеңкелерге қатысу формасы.

Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру үшін халықаралық нарықта отандық және шетелдік туристік операторлар арасында әріптестік қатынастарды дамыту мен орнату сондай-ақ, ҚР-дағы халықаралық байланыстар кеңейеді. Жыл сайын «Туризм және Саяхат» КІТФ – 2009 Қазақстандық халықаралық туристік жәрмеңкесі және «Сарқылмас саяхат» Қазақстандық туристік жәрмеңкесі өткізіледі.

КІТФ «Туризм және Саяхаттың» қалыптасуына және Қазақстанның имиджінің күшеюіне бағытталған негізгі іс-шара болып табылады, Дүниежүзілік нарыққа отандық туристік өнімнің қозғалысы және елге келетін шетелдік туристердің ағымының ұлғаюы Қазақстандық туристік ұйымдармен шынайы механизмін қалыптастырады.



«Сарқылмас саяхат» - Қазақстанның туристік жәрмеңкесі. Аталған іс-шараларды өткізудің басты мақсаты – ішкі туризмнің дамуы, сондай-ақ Қазақстандық туристік ұйымдармен қатынасы болып табылады. Бұл іс-шаралар жыл сайын Қазақстанның әртүрлі аймақтарында туризмді презентациялау және қолдау мақсатында өткізіледі.

Қатысушылардың экспозициялары түрлі-түсті баспа мен туристік жерлер бейнеленген және Қазақстанның әсем аймақтары безендірілген болатын және ақпараттармен, дыбыстық және жарық аппаратурасымен жабдықталған. Жәрмеңке бағдарламасы «туристік аймақтардың ең үздік презентациялары», «стендті керемет безендіру» конкурстарын өткізуді қарастырды.



«Сарқылмас саяхат» - Қазақстанның туристік жәрмеңкесі.

ASTANA LEISURE 2010 – бұл жаңа контракттар мен қызметтер, жаңа саяси маңызды контракттармен алмасу болып табылады. Бұған үнемі қатысатын қатысушылар: ірі отандық және халықаралық туристік компаниялар . «ASTANA LEISURE 2010» Қазақстанның, Орталық Азияның, алыс және жақын шетелдерден 5000 астам келушілер келеді. 2008 жылдың 6-8 қазанында Астана қаласында «Көрме» көрмелік кешенінде 6-шы Қазақстандық халықаралық туристік көрме өтті.



Сеул (Оңтүстік Корея) қаласындағы өткен халықаралық туристік жәрмеңкесіне Қазақстанның қатысуы.

2009 жылдың 4-7 маусым аралығындағы өткен көрмеге әлемнің 50 елінен қатысушылар келді. Көрменің жұмысына Қазақстанның делегациясы қатысты, оның құрамы Министр өкілдерінен, Астана, Алматы қаласының әкімдерінен, сондай-ақ Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдерінен құралды. Сонымен қатар, көрмеде белсенділік танытқан Сеул қаласындағы Ұлттық «Эйр Астана» авиакомпаниясының өкілдері болды. Көрме жұмысының барысында 9 000 жуық жарнама өнімдері қағаз бен электрондық тасымалдаушылар арқылы таратылды. Қазақстанның көрмеге қатысуының қорытындысы бойынша Қазақстан 2 беделді дипломға ие болды: «Ең үздік жарнамалық – имиджді өнім» және «Ең үздік маркетинг үшін»



Сеулдегі жәрмеңке «FITUR» халықаралық туристік көрмеге Қазақстанның қатысуы. Мадрид қаласы (Испания).

Көрме жұмысының барысында Қазақстанның туристік потенциалының презентациясы құрылды, бұлар БАҚ және Испан туроператорлары үшін жасалды. Презентация көлемінде әртістер шақырылып, ұлттық тағамдарды көрсету жүргізілді. Презентация үлкен қызығушылық пен табысқа ие болды. Испанияның 3-ші телеканалының журналистері ел жайлы фильм түсіру мақсатында Қазақстанға келетіндіктерін айтқан болатын.



Мадрид

Туристік құжаттауды мемлекеттік реттеу -әрбір адамға халықаралық туризмге қатысуға мүмкіндік беретін жеңілдетілген ережелер мен өзара қолайлы жағдайларды жасау бойынша бір немесе бірнеше мемлекеттің мемлекеттік шаралар жиынтығы болып табылады.

Туристік құжаттауды мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаты – саяхат бостандығына және халықаралық туризмге көп адамдарды жіберуге мүмкіндік туғызу. Мемлекеттік үкіметтер өз шешімдерін талап етеді, бір жағынан туристік фирмалардың дамуына мүмкіндік беретін қолайлы жағдайлар мен шарттар құруға, екінші жағынан – халықаралық туризмнің дамуына кедергі болмайтын шекаралық, кедендік, медициналық сияқты және басқа да құжаттарды белгілей отырып, туристік сапарлар мен (келулердің) келушілердің қауіпсіздігі мен еркіндігін қамтамасыз етуді.

Туризмнің дамуына үкіметтен басқа ұлттық парламенттер де жоғары көңіл бөледі. Европалық сияқты, ұлттық парламенттер қатарында да арнайы топтар және туризм дамуына қолайлы болатын заң жобалары мен жалпы стратегияны жасайтын туризм бойынша полициялар құрылады.





Паспорттардың жарамдылық мерзімін бес жылдан кем емес белгілеу; паспорттық қызмет көрсетулерді децентрализациялау; шетелге шығатын паспорттарды толтыруға ақымен жинауды енгізу; туристің азаматтығына тәуелсіз бірыңғай консулдық жинауды белгілеу.

ҚР азаматы екенін білдіретін және оған саяхат жасауға мүмкіндік беретін негізгі құжаттар мыналар:

- Паспорт;
- Дипломатиялық паспорт;
- Қызмет паспорты;
- Теңізші паспорты.



Туристердің сауаттылығы (Мысалы, СПИД ке байланысты);
Вакцинация (Мысалы, сары ауруға қарсы);
Профилактикалық емдеу.

Санитарлық құжаттарды бақылауды шекаралық пунктерде елге кіру және шығуды қамтамасыз ету үшін арнайы санитарлық қызмет жүзеге асырады. Бақылауға мыналар кіреді:

- Туристерден вакцинация туралы халықаралық сертификатты тексеру;
- Сол орында вакцинация жасау;
- Жұқпалы аурудың таралу қаупі туындаған жағдайда уақытша карантинге шығару.

Медико – санитарлық құжаттар: ұлттық туристік әкімшілік пен санитарлық – эпидемиологиялық ұйымдар мен және барлық мүддей адамдарға медициналық сипаттағы таусылатын ақпараттарды ұсыну ісінде денсаулық сақтау органдары мен бірлестікті кеңейту; туристерді қосқанда; барлығына жедел медициналық көмек көрсету бойынша көп жақты мемлекттік келісім шарттар жасау; қатты ауырып қалған жағдайда немесе қайтыс болған кезде елшілікке және туысқандарына тез арада хабарлау; денесін отанына жеткізу немесе жерлеу.


МІНІСТЕРСТВО ОХОРОНИ ЗДОРОВ'Я УКРАЇНИ
ДЕРЖАВНА САНІТАРНО-ЕПІДЕМІОЛОГІЧНА СЛУЖБА

ЗАТВЕРДЖУЮ
Доступно: місцевого державного санітарного інспектора України

М.А.Ситенко

Міністерство охорони здоров'я України
(включено до реєстру)
01601 м. Київ, вул. Грушевського, 7
(включено до реєстру)
253-04-84, 559-29-88

Висновок державної санітарно-епідеміологічної експертизи
від 15.08.2009р. № 05.03.02-03/35114

Прислано для надання: «FFI» MPG-CAPS; «FFI» MPG-MAX-PRO; «FFI» MPG-MEGA-CRUMBS; «FFI» MPG-ULTRA; «FFI» MPG-EXTREME-PLUS
(назва продукції)

код за УКТЗЕД: 3811 (код за ДУП, код за УКТЗЕД (продукція))

Прислано до надання. Реалізація через торговельну мережу (назва торговельно-розподільчої організації)

Фірма «Fuel Freedom International», США, 650 Douglas Ave, Suite 1040, Altamonte Springs, FL 32714
(адрес, місто, вулиця, номер будинку, місто, штат, країна)
ТОВ "Імпортер Бюро Трейд Констракшн", Україна, 03148 м. Київ, вул. Сін'я Сошиних, 6-3, код ЄДРПОУ: 35704332
(назва підприємства, адреса, місце реєстрації, код ЄДРПОУ)

Дані про контракт /виступі (назва про контракт, експертний об'єкт експертизи в Україні)

Об'єкт експертизи відоміше встановленим місцевим критеріям безпеки /показникам:
Висіт швидкових речовин у зоні робочої зони (ГДК) в залежності від складу продукції - вуглеводнів: аліфатичних (у вуглеводні на С) - 300 мг/м³; 4 клас небезпечності: корозивні - 100 мг/м³; 4 клас; ароматичних - 5 мг/м³; 3 клас небезпечності, аліфатичних - 5 мг/м³; 3 клас небезпечності: асидозні - 50 мг/м³; 3 клас небезпечності; триметилбензену - 10 мг/м³; 3 клас небезпечності згідно СН 4617-87, ГОСТ 12.1.005-88. Продукти чистити підручником, доо на шкурі, слідувати інструкції щодо застосування (продати в Україні) (категорія безпеки) (категорія безпеки)

Необхідними умовами використання /застосування, зберігання, транспортування, утилізації, знищення є:
42 - Використання, зберігання, транспортування згідно нормативно-технічної документації та рекомендацій виробника. Контроль за місцем використання речовин у зоні робочої зони здійснюється за забезпеченням застосування спеціальних відомостей про ГОСТ 12.1.005-88. Працівники повинні бути озброєні з відповідними засобами безпеки, дотримуватись правил протипожевної безпеки та використовувати засоби індивідуального захисту у відповідності з галузевими нормами та ГОСТ 12.4.011-89. Роботи по догляду за автомобільною необхідною проводити при достатній світловій яскравості (категорія безпеки) (категорія безпеки)

За результатами державної санітарно-епідеміологічної експертизи Прислано для надання: «FFI» MPG-CAPS; «FFI» MPG-MAX-PRO; «FFI» MPG-MEGA-CRUMBS; «FFI» MPG-ULTRA; «FFI» MPG-EXTREME-PLUS, за наданим запитом гарантом відоміше встановлені діючі санітарно-законодавства України і за умови дотримання вимог цього висновку, може бути використаною в звичайній сфері застосування.

Термін придатності: Гарантується виробником

Повинні бути надані: етикетка (на українській або російській мові), сертифікат якості, інструкції з застосування



Қорыта келе, мен бұл практикада :

1. Басқарма құрылымымен, әр бөлімнің қызметшісімен таныстым
2. Кіріс-шығыс хаттарымен танысып, оларды қалай қолдануды үйрендім
3. Қазақстан Республикасы туристік құжаттарымен таныстым
4. Аудан, қалаларға алдағы өтетін жәрмеңкелер бойынша ақпарат бердім
5. Халықаралық жәрмеңкелермен таныстым
6. Оңтүстік Қазақстан облысының туристік объектілерімен таныстым
7. Оңтүстік Қазақстан облысы басқармасында орналасқан туристік ұйымдармен таныстым
8. Туризм саласындағы мемлекеттік бағдарламаларымен (1.Қ.Р. Туристік индустрияны дамыту салалық бағдарламасы; 2. Оңтүстік Қазақстан туристік бағдарламасының стратегиялық жоспарлары) таныстым
9. Индустрияландыру картасын енгізуге мәлімет жинадым